

ӘОЖ 81.33

ГТАХР 16.01.29

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.022>

ИНОФОНДАРҒА АРНАЛҒАН ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СӨЗДІК: ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

* Солтанбекова А.¹, Рамазанов Т.², Кайырбекова У.³, Сабиrowa М.⁴

*^{1,2} А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Алматы, Қазақстан

³ А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Шымкент, Қазақстан

⁴ Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Тіл лексикалық бірліктердің (сөздердің) грамматикалық формулалар (грамматикалық тұлғалар) арқылы бірігуі нәтижесінде тілді қолданушының оймендігі мен жеткізіп коммуникацияның негізгі құралына айналады. Тілдегі сөздердің мағыналары түсіндірме сөздік, синонимдер сөздігі, фразеологизмдер сөздігі секілді лексикографиялық еңбектерде, ал грамматикасы грамматикалық сөздікте, академиялық грамматика секілді көлемді еңбектерде және жеке ғалымдардың зерттеулерінде толық көрініс табады. Алайда тіл үйренушілер ұлттық тілде жарық көрген мұндай еңбектерді тіл үйрену құралы ретінде үнемі пайдалана алмайды. Мақалада инофондарға арналған лексика-грамматикалық сөздіктегі этномәдени бірліктерді топ-топқа бөліп берілу ерекшеліктері сөз болады. Тек сөздер тізімі ғана жасалмайды, ұлттық кодты анықтайтын анықтамасы қоса беріледі және ағылшынша аудармасы жазылады. Келешекте жарық көретін лексика-грамматикалық сөздік ағылшын тілін білетін ересек инофондарға, оның ішінде Оксфорд университетінің магистранттар мен докторанттарына арналған бірден бір қажетті құрал болмақ. Бұл мақалада инофондарға арналған туыстық атаулардың лексика-грамматикалық сөздікте берілу ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Туыстық атаулар – белгілі бір этностың дүниетанымы мен мәдени құндылықтарын бейнелейтін маңызды тілдік бірліктер. Қазақ тіліндегі туыстық атаулар жүйесі күрделі иерархиялық құрылымға ие болып, жас ерекшелігіне, туыстық дәрежесіне және жынысына байланысты бөлінеді. Бұл ерекшеліктер инофондар үшін қазақ тілін меңгеруде қосымша қиындықтар туғызуы мүмкін. Зерттеуде туыстық атаулардың семантикалық өрісі, қолданылу аясы және мәдениетаралық коммуникациядағы рөлі талданады, туыстық атауларды түсіндірудің тиімді тәсілдері қарастырылады. Атап айтқанда, дефиницияларды құрастыру, баламалар ұсыну, иллюстративті материалдар

беру және түсінікті грамматикалық сипаттама жасау мәселелері талданады.

Тірек сөздер: туыстық атаулар, инофондар, лексика-грамматикалық, сөздік, этномәдени бірліктер, инофондарға арналған сөздік, сөздік құрастыру, принцип

Кіріспе

Әлем тілдерінің бір-бірімен тығыз байланысқа түсуі тілдің лексика-грамматикалық жүйесін дұрыс пайдалануды қиындатып жібергені қазіргі таңда тілдік фактілер арқылы жиі дәлелденіп жүр. Әлемдегі тілдердің негізгі ерекшелігі – әр халықтың сөз түзуінің, қолдануының реті мен жүйесі болуында. Бұл мәселеге А.Байтұрсынұлы да ерекше мән берген [5]. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ғана емес, ұлтаралық қатынас тілі қызметін қатар атқаратындықтан, қазақ тілін шеттілді аудиторияларда оқытуды қамтамасыз ететін сөздіктер циклы (екі тілді аударма сөздік, үш тілді аударма сөздік), соның ішінде «Қазақ тілінің лексика-грамматикалық сөздігі» оқытушылар мен ағылшын тілді инофондарға арналған қолданбалы құрал болмақ. Бұл сөздікті жасау барысында ең бірінші ағылшын тілділерге халқымыздың мәдениетін, ұлттық құндылығын танытатын этномәдени реалилерді анықтамасымен бірге түсіндіре отырып, аударуға келмейтін тілдік бірліктер қатарын тізімдеп беру.

Шетелдіктер үшін тілді меңгерудің негізгі құралдарының бірі – тек аударма баламалары ғана емес, сонымен бірге сол ұлттың мәдениетіне тән бірліктерге қатысты анықтамаларды қамтитын лексикалық және грамматикалық сөздіктер қатарын ұсыну қажет. Бұл мақалада шет тілдеріне арналған лексикалық-грамматикалық сөздікте этномәдени бірліктердің берілуінің әдіснамалық тәсілдері қарастырылып, әртүрлі тілдердегі туыстас атаулардың мысалдары талданады. Жұмыста мұндай бірліктерді лексикографиялық сипаттаудың негізгі принциптері, эквиваленттілік мәселелері, сондай-ақ тіл үйренушілердің қабылдауы мен ассимиляциясын жеңілдету үшін мүмкін болатын бейімдеу әдістері қарастырылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Бұл зерттеуде инофондарға арналған лексика-грамматикалық сөздіктегі этномәдени бірліктердің берілу ерекшеліктерін талдау үшін сапалық және сандық әдістер қолданылды. Зерттеу барысында этнолингвистикалық деректерді жинақтау, оларды салыстыру және сөздіктегі құрылымдық ерекшеліктерді сипаттау негізгі әдіс ретінде қарастырылды. Зерттеуде алынған мәліметтер инофондар үшін лексика-грамматикалық сөздікті құрастырудың оңтайлы әдістерін айқындауға және этномәдени бірліктерді дәл әрі түсінікті етіп ұсынудың жолдарын көрсетуге мүмкіндік берді.


➤ Лексика-грамматикалық сөздік жасауда орыс тіл біліміндегі 2000-нан астам септелмейтін сөздер мен кірме сөздерді қамтитын Н.П.Колесниковтің «Лексико-грамматический словарь русского языка» (1996) [6] еңбегін, ағылшын тіл біліміндегі Leo Selivan құрастырған «Lexical Grammar. Activities for teaching chunks and exploring patterns» [7], «Онлайн Кэмбридж сөздігі» [8] атты тіл үйретуге арналған дидактикалық құралын атап өтуге болады. Н.П.Колесников еңбегі тілді зерттеуші лингвист-ғалымдарға бағытталса, Leo Selivan ағылшын тілін шеттілді аудиторияда оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін ұсынады [Туыстық атаулар;

- Төрт түлік атаулары;
- Ұлттық ыдыс-аяқ атаулары;
- Ұлттық киім атаулары;
- Ұлттық тағам атаулары;
- Ұлттық ойын атаулары;
- Ұлттық баспана атаулары;
- Ұлттық музыкалық аспаптар;
- Ұлттық қолөнер атаулары;
- Салт-дәстүр атаулары.


Берілген әр тақырыптық топ 30-ға жуық лексемаларды қамтылатын болады. Әр лексемаға ұлттық таным тұрғысынан лингвомәдени негіздегі анықтамасы жазылып, грамматикалық белгіленімі қойылады, ағылшын тіліне аударылады. Лексемалардың этномәдени мазмұнын айшықтау мақсатында және иллюстрациялық материал ретінде ішінара сол бірлік қатысқан мақал-мәтел қоса беріледі. Тіл үйренушіге лексемалар визуалды түрде түсінікті болу үшін кейбір тілдік бірліктің суреті берілетін болады. Этномәдени бірліктердің барлық семантикалық топтарын 1-кестедегі үлгімен жасалады.

Кесте 1. Туыстық атаулардың сөздікте берілу үлгісі

	Қазақ тілінде	СУРЕТІ	Ағылшын тілінде
1	АҒА туыс. <i>Бірге туған ер адамдардың жасы үлкені.</i> • <i>Ағасы бардың жағасы бар.</i>		АҒА (<i>Older brother</i>) – <i>A term for the eldest male among siblings.</i>
3	АНА зат. <i>Баланың туған шешесі.</i> • <i>Анасы бардың панасы бар,</i>		АНА (<i>Mother</i>) – <i>The biological mother of a child.</i>

4	АТА туыс. <i>Үлкен әке, әкенің әкесі немесе ағасы.</i> • <i>Аталар сөзі - ақылдың көзі</i>		АТА (<i>Grandfather</i>) – Refers to the «big father,» typically one's father's father or his elder brother.
5	ӘКЕ туыс. <i>Ер адамның өз балаларына туыстық қатысы.</i> • <i>Әке көрген оқ жонар</i>		ӘКЕ (<i>Father</i>) – The biological father of a child, denoting paternal kinship.

Кесте 2. Тағам атауларының сөздікте берілу үлгісі

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ		СУРЕТІ	АҒЫЛШЫН ТІЛІ
1.	АЙРАН тамақ. <i>Піскен сүтке ашытқы салып ұйытып дайындалған дәмі қышқыл тағам, сусын.</i>		Aj'ran – A fermented dairy product made by adding a culture to boiled milk, resulting in a tangy taste, often used as a drink.
2	АСЫЛҒАН ЕТ тамақ. <i>Суға қайнатылып пісірілген ет.</i>		Asul'yan jet – Meat boiled in water, traditionally served during special occasions.
3	ӘСІП тамақ. <i>жаңа сойған малдың іш майын, бүйрек т.б. жұмсақ еттерін қарнына немесе бүйенге салып пісіретін ұлттық тағам.</i>		Æ'sup – A traditional dish made by stuffing fresh animal fat, kidneys, and soft meat into the stomach or intestines, then boiling it.
4	БАУЫРСАҚ тағам. <i>Ашытылған немесе ашытылмаған қамырдан түрлі пішінде кесіп, майға пісірген ұлттық тағам.</i>		Bawr'saq – Deep-fried dough pieces made from leavened or unleavened dough, a traditional Kazakh treat.
5	БАЛҚАЙМАҚ тағам. <i>Шикі қаймаққа қант, бал, ұн қосылып қайнатылған тәтті тағам, ұлттық ас.</i>		Bal'kaj,maq – A sweet dessert made from raw cream, sugar, honey, and flour, cooked to a thick consistency.

Кесте 3. Ұлттық қолөнер атауларының сөздікте берілуі

	Қазақ тілінде	СУРЕТІ	Ағылшын тілінде
1	АСЫҚАТУ ойын. <i>Асықпен дәлдікке ату ойыны.</i>		Асық ату (<i>Asyq Shooting</i>) <i>A game of accuracy using sheep knucklebones.</i>

2	БЕС ТАС ойын. Қолдың ептілігін қажет ететін тас ойыны.		Бес тас (Five Stones) A dexterity game with small stones.
3	ҚОЛ КҮРЕС ойын. Қолдың күші мен төзімділігін тексеретін ойын.		Қол күрес (Arm Wrestling) – A test of hand strength and endurance.
4	АКСЕРЕК-КӨКСЕРЕК ойын. Топтық күш пен шапшаңдыққа негізделген ойын.		Аксерек-көксерек (Ak Serek-Kok Serek) A team game requiring speed and coordination.
5	СОҚЫРТЕКЕ ойын. Бір адамның көзі байланып, қалғандарын іздейтін ойыны.		Соқыртеке (Sokyrteke) A blindfolded player searches for others.

Біздің мақсат басқа тілге аударуға келмейтін, ұлтымыздың туыстық, ас ішу, тағам түрлері, киім-кешегі, қолөнерін таныту мақсатында қысқа бір сөйлем беру арқылы инофонға түсінуіне, қабылдауына жеңіл болу үшін екі тілде де мағынасын түсіндіре отырып беру. Әр мағыналық топты іштей тағы да микротоптарға бөлу арқылы тереңірек білу мүмкіндігіне ие болады. Мысалы тағам атауларын іштей ***ет тағамдары*** (қуырдақ, қазы, қарта, жал, жая); ***сүт өнімдері*** (қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, айран); ***бауырсақ*** және ***нан түрлері*** (бауырсақ, таба нан, жұқа нан, қаттама); ***жент*** және ***тәттілер*** (жент, балқаймақ, құймақ, майсөк) деп бөлуге болады.

Туыстық атау қазақ халқы үшін ең бір баға жетпес, қазақтың қазақтығынын, ұлттық болмысын, мейірімділік пен бауырмалдылық қасиеттерді нық ұстайтын халық үшін күнделікті тұрмыс-тіршілікпен таптырмас, ештеңеге айырбастамайтын құндылықтардың бірі. Ағаны ағалап, ініні бауырым деп, жасы кіші қыздарымызды қарындас деп жасы үлкен қариямызды аталап жүрген халық болғандықтан, туыстық атауларға қатысты мәдени бірліктерімізді ағылшын тілімен салыстыра отырып, берілу ерекшелігін көруге болады. Қазақ отабасында үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетіп отыратын асыл қасиет басқа халықта кездеспейді.

Тағы бір маңызды фактор – туыстық атаулардың мәдени коннотациясы. Мысалы, қазақ тілінде кейбір туыстық терминдер тек туыстық мағынаны ғана емес, үлкенге құрмет немесе дәстүрлі отбасылық құндылықтарды білдіреді. Мәдени түсініктемелер мен қолдану мысалдарының сөздікке қосылуы осы ерекшеліктерді жақсырақ түсінуге ықпал етеді. Осылайша, шет тілдеріне арналған лексикалық және грамматикалық сөздіктерді әзірлеу тек аударма баламаларын ғана емес, сонымен қатар егжей-тегжейлі түсініктемелерді,

қолдану мысалдарын және мәдени түсініктемелерді қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Бұл тілді тереңірек меңгеруге және шетелдіктердің өз ана тіліндегі әлеуметтік-мәдени кеңістігіне енуіне ықпал етеді.

Қазақ және ағылшын тілдерінде туыстық атаулармен салыстырғанда, олардың арасындағы ұқсастықтар мен осы мәселелер бойынша айырмашылықтар қосуға болады. Туғын-туыс деген атаудың өзіндік ерекшелігі бар, туғандар бар және туыстар бар, екеуі мүлде бір-бірінен алшақ кететін ұғымдар емес. Екеуі де туыстық қатынастың жалпы атауы. Екі тілдегі ұқсастық тігінен (ата, әке, бала, немересі) және көлденеңінен (әкесі, анасы, аға, әпке, күйеу бала, келін) туыстарының аттары жасы мен жынысына байланысты өзгереді. Мысалы, қазақ отбасы үшін әженің орны ерекше. Ол немере-шөберелерін қатты жақсы көретін, мейірім танытып, өзіндік тәрбие беретін отбасы мүшесі. Қазақ отбасында әжесі сол отбасының бір мүшесі болады, сол үйде бірге тұратын, ең жақын туыстық қарым-қатынасы жақын туған, негізгі адам. Ата, әже, ана, әке, аға, іні, сіңлі, әпке туғанға жатса, абысын, күйеу, жиен, нағашы т.б. туысқа жатады. Қазақ тілінің этнографиялық сөздігінде әжеге мынандай анықтама береді «Қазақ отбасындағы әже орны ерекше әрі қадірлі. Әже – отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-абысындардың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөйі» [10]. Қазақ қоғамында әдетте жас отау иелерінің тұңғыш баласын әжесі бауырына салады. Бала ата-әженің кенжесі саналып, немерені әжесі тәрбиелеп, бағып-қағады. Әже мен немере арасындағы туыстық байланыс өте нәзік әрі берік. Балажан қазақ үшін ата мен әжеге жас сәби жай ғана ермек емес, тәрбиеленуші ерекше субъект. Тарихта күллі рулы елге ана болып саналған Айпара әже, Домалақ ене, Зере, Айғаным секілді әжелердің бейнесі аңыз-әңгімелерде, әдеби шығармаларда сомдалған.

Сондай-ақ «нағашы» атауы ол жай ғана анамыздың туыстары деп қана қарау дұрыс саналады. Нағашыдан жылулық, мейірімділік, жақындық, құрмет деген қасиеттерді күтеміз. Нағашы мен жиеннің арасындағы қатынасты қарым-қатынас ерекше құрмет пен еркелікті білдіреді. Ол ұғымның артында жылулық, жақындық, жиенге деген құрмет, тіпті жиендерін әрдайым қолдап, оларға сыйлық жасап, тәрбиесіне үлес қосады. Бұл туыстық қатынасты шетелдіктерге түсіндіру үшін сөздікке тек қысқа мәлімет беріліп кетеді, суреті қоса беріледі. Бұл аздық етер еді. Егер нағашы жайында кеңірек ақпарат беретін болсақ, қазақ тілін үйренгісі келетін тіл иелменіне қиындық туғызбас үшін аз мәлімет беру арқылы түсіндіруге болады.

Ұлттық туыстық атауға құда-құдағидің орны ерекше. Құда-құдағи жай ғана балаңның, қызыңның ата-енесі ғана емес, ол жамбас пен бас асып, құдайындай сыйлайтын «мың жылдық» қатынасты сабақтастырушы

адамдар. Ағылшын тілінде "құда" Father of the groom/bride (relation between in-laws). және "құдағи" Mother of the groom/bride (relation between in-laws). ұғымдарына тікелей балама жоқ, өйткені бұл ұғымдар қазақ мәдениетіне тән және екі отбасының құдаласу арқылы жақын туысқа айналуын білдіреді [18, 120]. Сондай-ақ ағылшын тіліне тікелей аударылмайтын жиен, бөле, жезде, жеңге, шөбере, шөпшек т.б. тікелей аударуға болмайды, баламасы жоқ атаулар. Себебі қазақ ұлтында ана мен әкеден тараған туысқандық атаулардың өзіндік орны бар. Ана (шешеміз) жақтан тараған туыстарды нағашы дейміз. Ұлдан туған баланы немере, ары қарай жеті ұрпаққа дейін шөбере, шөпшек, немене, туажат, жегжат деп атаймыз. Ағылшындарда бұлай атау жоқ, қосымша жалғау арқылы ғана түсіндіреді. Келіннің де орны ерекше, ағылшындарда «daughter-in-law» деп аталады. Қазақ отбасына түскен келін өзінен жасы кіші қайындар мен қайынсіңлілеріне қамқор бола білген, оларға ерекелетіп ат қойып, олармен қалжыңы жарасып, мейірімділік танытқан. Сыпайылық пен инабаттылықтың эталоны, жасы үленге тізе бүгіп, иіліп сәлем салудың өзі күйеуінің ағайындарына деген ізеттілігін білдіреді. Тіпті күйеуінің ағаларын атын атамай, көзіне қарап сөйлей алмаудың өзі инабаттылықтың, кішіпейілділіктің нышанын білдіреді. Ағылшындарда ондай қарым-қатынас жоқ. Бұл нені дәлелдейді? Әр қазақ отбасындағы тығыз бауырмалдылық қасиеттің басқа халықта кездеспейтіндігі, ұлттық құндылықты жоғары қоятындағы, сыйластық қатынастың ең биік формасын байқаймыз. Қазақтың «жеңгесі» мен ағылшындықтардағы «sisterin-law» екеуі екі түрлі ұғым. Жеңге келін болып түскеннен кейін қайын сіңлі, қайын іні үшін үлкен әпке рөлін атқарады, оларды тәрбиелеп, отбасылық құндылықтарды үйретеді, қайынсіңлілеріне тек қамқор болып қана қоймай солармен сырлас, қайынсіңлілеріне ата-анасына айта алмағын сырын жеңгесіне айтқан, жеңге деген сыр сақтайтын сырлас жақын адамына айналаған. Ал батыста мүлде бұлай емес. Ол тек ағасының әйелі деп қана қабылдайды, болды. Тіпті бейтаныс, танымайтын адамның өзіне қарата айту ұғымдарын бейнелейтін атаулардың өзі ағылшындарда кездеспейді. Танымайтын адамға «қарындас, бауырым, айналайын, қарғам, шешей» деген секілді қарапта сөздерді пайдаланамыз. Ал ағылшындарда мырза, ханым деп бейтаныс адамға қарата сөйлеу әдебі бар, бұл оларды бір сыпайылықтың көрсеткіші. Ал сол ханым, мырза дегендер қазақта туыстық қатынасты білдірмейді, әлеуметтік ресми тұрғыдан танылатын атаулар болғандықтан қазақ халқында бұл сөздер туысқандық атауға енбейді. Тағы бір ерекше құбылысты атауға болады. Бейтаныс адамға қарата сөйлеудің бір түрі бойға жылулықты ұялататын *балам, қарағым, айналайын, қызым* дегендер жақындық сезімін тудырады. Ағылшындарда мұндай құбылыс кездейпайды. Сондықтан халқымыздың туыстық атауын, ондағы бауырмалдылық пен ізеттіліктің, жылулық пен жақындық секілді ізгі амалдарды таныту үшін

бірден бір жолы шетелдіктерге этномәдени бірліктер арқылы түсіндіру өте қажет деп ойлаймыз. Осыдан этносаралық қатынас, мәдениаралық қатынас тіл арқылы мықтап орын алар еді.

Тіліміздегі этномәдени бірліктердің қатарын сөздікте беру үшін олардың ішінде тікелей баламасы бар, баламасы жоқ, қосымша жалғану арқылы және бірнеше мәдени бірліктің ағылшынша бір ғана атауға ие болатын туыстық атаулар болып жіктеледі. Мысалы, ата, әже, ана, әке, бала, ұл, қыз дегендердің баламасы бар, олар: father, mother, son, daughter, grandfathe, grandmother, husband, wife, grandson, great-grandson, father-in-law, mother-in-law.

Дәл баламасы жоқ, қосымшалар арқылы жасалып, түсіндірілетін бірліктер қатары: нағашыны ағылшынша «a relative of one's mother», бөлені «a child of one's mother's sister», жиенді «a child of one's daughter», «a child of one's sister», құданы «the father-in-law of one's son or daughter», «elderly male relatives of one's son-in-law or daughter-in-law», құдағиді «the mother-in-law of one's son or daughter»; «elderly female relatives of one's son-in-law or daughter-in-law».

Тіліміздегі бірнеше мәдени бірліктердің ағылшын тілінде бір ғана ұғыммен берілу қатары, мысалы *жеңге, қайын ана, қайын сіңлі, абысын, балдыз* деген лексемалар ағылшынша бір ғана атаумен беріледі (sister-in-law), бірақ қосымша анықтамасы толық түсінікті болу үшін the wife of your brother, the elder sister of your husband, the younger sister of your husband, sister-in-law, the wife of the brother of your husband, the younger sister of your wife деген аудармамен қосымша берілетін болады.

Этносаралық және мәдениаралық байланысты нығайту үшін екі тілдегі туыстық қатынасты білдіретін этномәдени маркерлердің қолданыс ерекшелігін таныту келешекте жасалатын лексика-грамматикалық сөздіктің таптырмас оқу құралы екенін көруге болады.

Қорытынды

Лексикалық және грамматикалық сөздік – шет тілдерін меңгеруде, әсіресе шет тілінде сөйлейтіндер үшін маңызды әрі қажетті құрал. Ол тек лексиканы ғана емес, сонымен қатар грамматиканы меңгеруге кешенді көзқарасты қамтамасыз етеді, сонымен қатар студенттерге білімді өмірдегі қарым-қатынас жағдайларына бейімдеуге көмектеседі. Заманауи технологиялар мұндай сөздіктердің функционалдығын айтарлықтай кеңейтіп, тиімді және икемді оқыту үдерісіне негіз болатын интерактивті және мультимедиялық ресурстарды жасауға мүмкіндік береді. Болашақта студенттердің шет тілдерін тереңірек меңгеруіне көмектесетін лексикалық және грамматикалық сөздіктер дами береді. Ағылшын тілді инофондарға арналған «Қазақ тілінің лексика-грамматикалық сөздігіне» этномәдени

ерекшелігі бар лексемаларды беру – тіл үйренушінің мәниестаралық таным түсінігін кеңейтіп, тілді үйренуге деген мотивациясын күшейтеді. Сонымен қатар болашақта сөздікте лексикалық минимумдарды жеке қарастырмай грамматикалық білімдер жүйесімен ұштастыру көзделеді. Бұл сөздіктің тілді қолданушылардың барлығына пайдалы қолданбалы құрал екенін дәйектейді. Сөздіктің практикалық маңыздылығы 2026 жылы «Инофондарға арналған лексика-грамматикалық сөздік» атауымен өнім ретінде жарық көрген кезде жан-жақты сипатталады. Алайда осы мақала аясында барлық этномәдени бірліктер толық қамтылған жоқ, тек мысал ретінде туыстық атаулар, қолөнер, ас атаулар тобының іргелі лексемалары ғана іріктеліп ұсынылды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ЖТН BR24993244 «Қазақ тілі ұлттық корпусын Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, ішкорпустарын әзірлеу» атты зерттеу жобасының аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылым. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

[2] Исаев С. М. Қазіргі қазақ тілі: морфология. Оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2007. – 336 б.

[3] Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері: тілші ғалымдарға және көпшілік тіл жанашырларына арналған / Құраст.: Ғ. Өнес. – Алматы: Абзал-Ай баспасы, ҚР Мәдениет министрлігі, 2014. – 639 б.

[4] Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.

[5] Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). 1-жылдық. – Орынбор, 1914. – 384 б.

[6] Колесников Н. П. Лексико-грамматический словарь русского языка. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1996. – 413 с.

[7] Selivan L. Lexical Grammar. Activities for teaching chunks and exploring patterns. – Cambridge, Cambridge University Press, 2018. – 244 p.

[8] Cambridge Learner's Dictionary. <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/learner-english> 14.05.2025

[9] Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. 1-том. / Құраст.: Т. Жанұзақ, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 752 б.

[10] Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1-том. / Құраст.: Н. Әлімбай. – Алматы, 2011. – 736 б.

[11] Нарожная В. Д. Соотношение языка и культуры: аспекты

межкультурного восприятия и взаимодействия // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2020. – № 4 (59). – Б. 13–24.

[12] Sabirova M., Kalibekuly T., Jeldybayeva R. Linguocultural aspect of phraseological units (Guanyongyu) in modern Chinese language // Global Chinese. – Germany, 2024. – Vol. 10. – № 2. – P. 155–173. – DOI: <https://doi.org/10.1515/glochi-2024-0016>

[13] Апресян Ю. Д. Англо-русский синонимический словарь. – Москва: Русский язык, 2000. – 544 с.

[14] Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. – Москва: Акад. проект, 2001. – 989 с.

[15] Воробьев В.В. Лингвокультурология: (теория и методы). – Москва: Изд-во Росс. Ун-та дружбы народов, 1997. – 331 с.

REFERENCES

[1] Ysqaqov A. Qazırgı qazaq tılı [Contemporary Kazakh language]. 2-basylym. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 384 b. [in Kaz.]

[2] İsaev S. M. Qazırgı qazaq tılı [Contemporary Kazakh language]: morfologiya. Oqu qūraly. – Almaty: Öner, 2007. – 336 b. [in Kaz.]

[3] Mamanov Y. Qazaq tıl bılıminıñ мәseleleri: tılşı ғалымдарға және көпшілік тıl жанағыrlaryna арналған [Issues of Kazakh linguistics: intended for linguists and the general public who care about the language]. Qūrast.: Ğ. Änes. – Almaty: Abzal-Ai baspasy, QR Mädeniet ministrlığı, 2014. – 639 b. [in Kaz.]

[4] Ysqaqov A., Syzdyqova R., Sarybaev Ş. Qazaq tılınıñ qysqaşa etimologialyq sözdıgı [Concise etymological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Ğylym, 1966. – 240 b. [in Kaz.]

[5] Baitürsynūly A. Tıl – qūral (qazaq tılınıñ sarfy) [Language as a tool (the grammar of the Kazakh language)]. 1-jyldyq. – Orynbor, 1914. – 384 b. [in Kaz.]

[6] Kolesnikov N. P. Leksiko-gramaticheski slovär ruskogo iazyka [Lexical and grammatical dictionary of the Russian language]. – Rostov-na-Donu: Feniks, 1996. – 413 s. [in Rus.]

[7] Selivan L. Lexical Grammar. Activities for teaching chunks and exploring patterns. – Cambridge, Cambridge University Press, 2018. – 244 p.

[8] Cambridge Learner's Dictionary <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/learner-english>. 14.05.2025

[9] Qazaq әdebi tılınıñ sözdıgı [Dictionary of the Kazakh literary language]: on bes tomdyq. 1-tom. / Qūrast.: T. Janūzaq, S. Omarbekov, Ä. Jünısbek және t.b. – Almaty: Tıl bılıımı instituty, 2011. – 752 b. [in Kaz.]

[10] Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürlı jüiesı [The traditional system of ethnographic categories, concepts, and terms of the Kazakhs]. 1-tom. / Qūrast.: N. Älimbai. – Almaty, 2011. – 736 b. [in Kaz.]

[11] Narojnaia V. D. Sootnoşenie iazyka i kùltury: aspekty mejkùlturnogo vospriatia i vzaimodeistvia [The relationship between language and culture: aspects of intercultural perception and interaction] // Abylai han atyndaǵy QazHQ jāne ÄTU habarşysy. «Filologia ğylymdary» seriasy. – 2020. – № 4 (59). – B. 13–24. [in Kaz.]

[12] Sabirova M., Kalibekuly T., Jeldybayeva R. Linguocultural aspect of phraseological units (Guanyongyu) in modern Chinese language // Global Chinese. – 2024. – Vol. 10, No. 2. – P. 155–173. – DOI: <https://doi.org/10.1515/glochi-2024-0016>

[13] Apresān İu. D. Anglo-ruski sinonimicheski slovār [English-Russian synonym dictionary]. – Moskva: Ruski iazyk, 2000. – 544 s. [in Rus.]

[14] Stepanov İu.S. Konstanty. Slovār ruskoı kùltury [Constants. Dictionary of Russian culture]. – Moskva: Akad. proek, 2001. – 989 s. [in Rus.]

[15] Vorobev V.V. Lingvokùlturologia: (teoria i metody) [Linguoculturology: (theory and methods)]. – Moskva: İzd-vo Ros. Un-ta drujby narodov, 1997. – 331 s. [in Rus.]

ЛЕКСИКО-ГРАММАТИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ ДЛЯ ИНОФОНОВ: ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕДАЧИ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ЕДИНИЦ

* Солтанбекова А.¹, Рамазанов Т.², Кайырбекова У.³, Сабирова М.⁴

*^{1,2}Институт языкознания имени А. Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

³ Университет Дружбы народов имени академика А.Куатбекова
Шымкент Казахстан

⁴Казахский университет международных отношений и
мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Аннотация. Язык становится основным средством коммуникации, поскольку объединяет лексические единицы (слова) с помощью грамматических формул (грамматических категорий), позволяя носителям языка передавать свои мысли и намерения. Значения слов в языке находят отражение в лексикографических трудах, таких как толковые словари, словари синонимов, словари фразеологизмов, в то время как их грамматические особенности подробно рассматриваются в грамматических словарях, академических грамматиках и научных исследованиях отдельных учёных. Однако изучающие язык не всегда могут использовать эти труды, написанные на национальном языке, в качестве учебного пособия. В данной статье рассматриваются особенности представления этнокультурных единиц в лексико-грамматическом словаре, предназначенном для инофонов. Этнокультурные единицы структурированы по группам, и наряду с представлением самих слов даётся их определение, раскрывающее национальный код, а также перевод на английский язык. Будущий лексико-

грамматический словарь станет незаменимым инструментом для взрослой аудитории инофонов, владеющих английским языком, в частности для магистрантов и докторантов Оксфордского университета.

В статье подробно анализируются особенности представления терминов родства в лексико-грамматическом словаре, ориентированном на инофонов. Родственные наименования являются важными лексическими единицами, отражающими мировоззрение и культурные ценности определённого этноса. Система родственных отношений в казахском языке имеет сложную иерархическую структуру, различаясь в зависимости от возрастных категорий, степени родства и гендерных факторов. Эти особенности могут вызывать дополнительные трудности при освоении казахского языка инофонами.

Исследование охватывает семантическое поле родственных наименований, их сферу употребления и роль в межкультурной коммуникации. Кроме того, анализируются наиболее эффективные способы представления родственных терминов в лексико-грамматических словарях для инофонов. В частности, рассматриваются вопросы составления дефиниций, подбора эквивалентов, использования иллюстративного материала и создания доступных грамматических пояснений.

Ключевые слова: относительные имена, инофоны, лексико-грамматический словарь, этнокультурные единицы, словарь инофонов, принцип, словарное построение

VOCABULARY-GRAMMATICAL DICTIONARY FOR INNOPHONES: FEATURES OF THE TRANSMISSION OF ETHNO-CULTURAL UNITS

*Soltanbekova A.A.¹, Ramazanov T.², Kaiyrbekova U.³, Sabirova M.⁴

*^{1,2}The Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly
Almaty, Kazakhstan,

³ Peoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov
Shymkent, Kazakhstan

⁴Kazakh Ablai Khan University of International Relations
and World Languages Almaty, Kazakhstan

Abstract. Language serves as the primary means of communication, as it unites lexical units (words) through grammatical formulas (grammatical categories), allowing speakers to convey their thoughts and intentions. The meanings of words in a language are reflected in lexicographic works such as explanatory dictionaries, synonym dictionaries, and phraseological dictionaries, while their grammatical features are extensively analyzed in grammatical dictionaries, academic grammars, and scientific studies by individual scholars. However, language learners cannot always use these works, written in the native

language, as learning tools. This article examines the features of presenting ethnocultural units in a lexico-grammatical dictionary designed for non-native speakers. Ethnocultural units are categorized into groups, and along with the words themselves, definitions that reveal the national code and English translations are provided. The forthcoming lexico-grammatical dictionary will serve as an essential tool for adult non-native speakers who are proficient in English, particularly for master's and doctoral students at the University of Oxford.

The article provides a detailed analysis of the representation of kinship terms in a lexico-grammatical dictionary intended for non-native speakers. Kinship terms are crucial lexical units that reflect the worldview and cultural values of a particular ethnic group. The system of kinship terms in the Kazakh language has a complex hierarchical structure, differing based on age categories, degrees of kinship, and gender factors. These features may pose additional challenges for non-native speakers learning the Kazakh language.

The study explores the semantic field of kinship terms, their scope of use, and their role in intercultural communication. Additionally, it examines the most effective ways to present kinship terms in lexico-grammatical dictionaries for non-native speakers. Specifically, the article discusses issues related to definition formulation, selection of equivalents, use of illustrative materials, and the creation of accessible grammatical explanations.

Keywords: relative names, innophones, lexical and grammatical, dictionary, ethnocultural units, dictionary of innophones, principle, dictionary construction

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 18.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Солтанбекова Альфия Абдыкеновна – филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-3513-4012>, e-mail: madina-258@mail.ru.

Рамазанов Талғат Бекболатұлы – PhD, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4405-5914>, take_kzz@mail.ru.

Кайырбекова Улболсын Сериковна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Қазақстан, Шымкент қаласы, <https://orcid.org/0000-0002-9466-024X>, e-mail: ulbolsyn_kudn@mail.ru

Сабинова Мәдина Талғатқызы – PhD докторанты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, <https://orcid.org/0000-0001-5106-6219>, e-mail: dilmanova.m@gmail.com.

Информация об авторах:

Солтанбекова Альфия Абдыкеновна – кандидат филологических наук, Институт языкознания им. А. Байтурсынулы, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-3513-4012>, e-mail: madina-258@mail.ru.

Рамазанов Талгат Бекболатович – PhD, Институт языкознания им. А. Байтурсынулы, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-4405-5914>, e-mail: take_kzz@mail.ru.

Кайырбекова Улболсын Сериковна – кандидат филологических наук, доцент, Университет Дружбы народов имени академика А.Куатбекова, Казахстан, г.Шымкент, <https://orcid.org/0000-0002-9466-024X>, e-mail: ulbolsyn_kudn@mail.ru

Сабирова Мәдина Талғатқызы – PhD докторант, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, <https://orcid.org/0000-0001-5106-6219>, e-mail: dilmanova.m@gmail.com.

Information about the authors:

Soltanbekova Alfiya Abdykenovna – Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-3513-4012>, e-mail: madina-258@mail.ru.

Ramazanov Talgat Bekbolatovich – PhD, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4405-5914>, e-mail: take_kzz@mail.ru.

Kaiyrbekova Ulbossyn Serikovna – PhD., Associate Professor, Peoples' Friendship University named after Academician A.Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-9466-024X>, e-mail: ulbolsyn_kudn@mail.ru.

Sabirova Madina Talgatkyzy – PhD Student, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, <https://orcid.org/0000-0001-5106-6219>, e-mail: dilmanova.m@gmail.com.